ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 тамыз №2301-23-00-2/1737 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Исатай ауданы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Томан бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Оспаналиева»,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР: (аудиобейнебайланыс арқылы)
талап қоюшы өкілі С.С.Беккалиева,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 13 маусымда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №20 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап, 16 күнтізбелік күн ішінде талап қоюшыға 206 950 теңгеге құрылыс тауарларын жеткізу түріндегі қызмет көрсетуге міндеттенген.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер тауарды жеткізбеген.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, жағымсыз салдарының бар екенін, тұрақсыздық айыбы төленгенін көрсетті.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жеткізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 27 шілдеде жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 06.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 09.10.2023, судья Султангалиева А. Е., 09.10.2023
2301-23-3-1/1997

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Исатай ауданы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Томан бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Оспаналиева» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Оспаналиева» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Оспаналиева» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «09» қазан 2023 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 06.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.10.2023, судья Султангалиева А. Е., 09.10.2023